

## Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 қазанда № 14347 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Кіріспе жаңа редакцияда көзделген**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 33) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік

он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникация министрлігі

Министр \_\_\_\_\_ Д. Абаев

2016 жылғы 14 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 23 қыркүйек

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 31 тамыздағы  
№ 215 қаулысымен  
бекітілген

## Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 33) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі айқындалады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) төлем ұйымдарының

есептік тіркелуі, Ұлттық Банктің төлем ұйымдарының тізілімін (бұдан әрі – тізілім) жүргізуі, төлем ұйымдарының төлем қызметтерін көрсетуі, төлем ұйымдарының филиалдарды ашу туралы хабарлауы, төлем ұйымдарының бағдарламалық-техникалық құралдары мен ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесіне қойылатын талаптар қамтылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 116 (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтарды, іркілістерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы (бұдан әрі – ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы) – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның немесе оның жекелеген объектілерінің жұмысында олардың тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) төлем ұйымының электрондық ақпараттық ресурстарын заңсыз алу, көшіріп алу, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, жеке түрде немесе сериялы түрде туындайтын іркілістер;

2) ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтар, іркілістер туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпарат – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның немесе оның жекелеген объектілерінің жұмысында олардың тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) төлем ұйымының электрондық ақпараттық ресурстарын заңсыз алу, көшіріп алу, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, жеке түрде немесе сериялы түрде туындайтын іркілістер туралы ақпарат;

3) ақпараттық қауіпсіздік – электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалу жай-күйі;

4) ақпараттық қауіпсіздік қатері – ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасының туындауына алғышарттар жасайтын жағдайлар мен факторлардың жиынтығы;

5) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – төлем ұйымының ақпараттық активтерінің конфиденциалдылық, тұтастық және қолжетімділік күйін ұстап тұруға бағытталған процесс;

6) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау аясы – төлем ұйымның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын сыртқы ақпараттық желілерден

оқшаулайтын және ақпараттық қауіпсіздік қатерлерінен қорғауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-ақпараттық құралдардың жиынтығы;

7) төлем ұйымының ақпараттық активі – ақпараттың және оны сақтау және (немесе) өңдеу үшін пайдаланылатын ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінің жиынтығы;

8) төлем ұйымының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы (бұдан әрі – ақпараттық инфрақұрылым) – электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және оларға қолжетімділікті ұсыну мақсатында технологиялық ортаның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 116 (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

3. Төлем ұйымы төлем ұйымын есептік тіркеудің Ұлттық Банк берген тіркеу нөмірі (бұдан әрі – тіркеу нөмірі) болған кезде көрсетілетін төлем қызметтерінің мынадай түрлерін көрсетеді:

1) ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлемдерді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақша қабылдау бойынша көрсетілетін қызметтер;

2) электрондық ақшаны және төлем карточкаларын өткізу (тарату) бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

4) клиент электрондық нысанда бастама жасаған төлемдерді өңдеу және төлемдерді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру не осы төлемдер бойынша ақша қабылдау үшін банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті аппарат беру бойынша көрсетілетін қызметтер.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **2-тарау. Төлем ұйымдарын Ұлттық Банкте есептік тіркеу**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4-тармақтың қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өту үшін төлем ұйымы Ұлттық Банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем ұйымының атқарушы органының басшысы (мүшелері) туралы мәліметтер қамтылатын өтінішті (төлем ұйымының атқарушы органы басшысының (мүшесінің) дипломының (дипломдарының) және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмелері қоса беріледі) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынады.

Өтінішке Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріледі.

"Электрондық үкімет" веб-порталының көрсетілген мәліметтерді алу қамтамасыз етілетін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциясы болған жағдайда, шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дипломдарын қоспағанда, дипломның (дипломдардың) көшірмесі берілмейді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**5. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**6. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидаларында мынадай міндетті талаптар қамтылады:

- 1) төлем ұйымы көрсететін төлем қызметтерінің сипаттамасы;
- 2) төлем ұйымының клиенттеріне төлем қызметтерін көрсету тәртібі мен мерзімдері ;
- 3) төлем ұйымы көрсететін төлем қызметтерінің құны (тарифтері);
- 4) төлем ұйымы көрсететін төлем қызметтерін технологиялық қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібі;
- 5) төлем ұйымы пайдаланатын тәуекелдерді басқару жүйесі туралы мәліметтер;
- 6) клиенттермен даулы ахуалдарды реттеу және дауларды шешу тәртібі;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7) ақпараттық қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібі;

8) көрсетілетін төлем қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және жабдықтардың сипаттамасы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 116 (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Ұлттық Банк төлем ұйымының өтінішін қарайды және Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ол бойынша шешім қабылдайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10-1. Төлем ұйымының өтініші алғаш рет түскен кезде Ұлттық Банк төлем ұйымы басшыларының, құрылтайшылары мен бенефициарлық меншік иелерінің олардың әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға ықпал еткен үшінші тұлғалармен қарым-қатынасының бар-жоғы (үшінші тұлғалардың бақылауы мен ықпалы) туралы сұратуды қаржылық мониторингті жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

Алынған ақпараттың нәтижесі бойынша Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеуге қоюға арналған құжаттарды қарауды жалғастыру не төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. Қағидалар 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Ұлттық Банк өтінішті қараудың қорытындылары бойынша төлем ұйымын есептік тіркеу не төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту жөнінде шешім қабылдайды.

12. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген жағдайда, төлем ұйымы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-1. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесіне қосымша төлем қызметтерін енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жоспарланып отырған төлем қызметтерін көрсету ескеріле отырып, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды енгізілген өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен бірге Ұлттық Банкке ұсынады.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Ұлттық Банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 20-бабына сәйкес төлем ұйымын (төлем ұйымдарын) ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған төлем ұйымын есептік тіркеуді осы тарауда көзделген тәртіпте жүргізеді.

15. Ұлттық Банк ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған төлем ұйымын (төлем ұйымдарын) тізілімге енгізу күні қайта ұйымдастырылған төлем ұйымын (төлем ұйымдарын) тізілімнен алып тастайды.

**2-1-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - есептік тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібі**

Ескерту. 2-1-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-1. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаты, нысаны, мазмұны және нәтижелері қамтылған есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ есептік тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет ерекшеліктері есепке алынған өзге де мәліметтер Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген.

Ескерту. 15-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

15-2-тармақтың қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-2. Ұлттық Банктің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдайды, тіркейді және есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жібереді. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштер келесі жұмыс күні қабылданады.

Төлем ұйымы өтінішті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

Ұлттық Банк "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден төлем ұйымы басшысының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, сондай-ақ Қағидалардың 4-тармағы үшінші бөлігінің ережесін ескере отырып, төлем ұйымы басшысының дипломының (дипломдарының) көшірмелерін алады.

**Ескерту. 15-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15-4. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес төлем ұйымының төлем қызметтерін көрсетуге рұқсат (құқық) беру үшін есептік тіркеуден өтуі туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) жобасын не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы екі жұмыс күні ішінде хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіседі және қол қояды.

Жауапты бөлімшенің басшысы хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіскеннен кейін және қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкері шешім қабылданған күні

төлем ұйымын төлем ұйымдарының тізіліміне енгізеді (хабарламаға қол қойылған кезде), төлем ұйымына есептік тіркеу бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін жібереді.

"Электрондық үкімет" веб-порталында есептік тіркеу бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында төлем ұйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

Төлем ұйымын есептік тіркеуден өткізуден және төлем ұйымдарының тізіліміне енгізуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабардар ете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға төлем ұйымын есептік тіркеуден өткізуден және төлем ұйымдарының тізіліміне енгізуден бас тарту туралы алдын ала шешімді жібереді.

Алдын ала шешім өтінішті қарау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарсылық ұсынуға немесе білдіруге құқылы.

**Ескерту. 15-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15-5. Есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде жаңартылады.

### **3-тарау. Тізілімді жүргізу**

16. Тізілімде Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары туралы мәліметтер қамтылады.

Тізілімді Ұлттық Банк оны төлем қызметі нарығын бақылау мақсатында жүргізеді және Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

17. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде:

1) төлем ұйымына тіркеу нөмірін береді және тізілімде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазба жасайды;

2) төлем ұйымына тіркеу нөмірін көрсете отырып, төлем ұйымы есептік тіркеуден өткені туралы төлем ұйымына жазбаша нысанда хабарлама жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

18. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, төлем ұйымына есептік тіркеуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Ұлттық Банк Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен әр төлем ұйымы бойынша қағаз тасымалдағышта немесе электрондық түрде досье жүргізеді.

20. Ұлттық Банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның

18-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша төлем ұйымын тізілімнен алып тастайды.

21. Төлем ұйымы соттың төлем ұйымының қызметін тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енген не төлем ұйымының қызметін қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) немесе тарату арқылы ерікті тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ерікті жазбаша нысанда хабарлама жібереді.

22. Ұлттық Банк төлем ұйымын тізілімнен алып тастаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк төлем ұйымын электрондық пошта мекенжайы бойынша электрондық нысанда жазбаша хабардар етеді және бұл туралы ақпаратты Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Төлем ұйымы тізілімнен алып тасталған жағдайда, Ұлттық Банк тізілімнен алып тастау жөнінде хабарлаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде атауында "төлем ұйымы" деген сөздер болған кезде атауын өзгерту не төлем ұйымын қайта ұйымдастыру не тарату жөнінде шешім қабылдайды.

**3-1-тарау. "Төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет) тәртібі**

**Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**23-1-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

23-1. Төлем ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру төлем ұйымы Ұлттық Банкке "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімді берген кезде жүзеге асырылады.

Процестің сипаттамалары, қызмет көрсету нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген.

Шешімге Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 20-бабы 2-тармағының 2), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріледі.

**Ескерту. 23-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23-2. Ұлттық Банктің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдайды, тіркейді және ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі - жауапты бөлімше) орындауға жібереді. Құжаттар жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Төлем ұйымы өтінішті портал арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтиже алған күні мен уақыты көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

23-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері құжаттар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

23-4. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше құжаттар тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы екі жұмыс күні ішінде хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіседі және қол қояды.

Жауапты бөлімшенің басшысы хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіскеннен кейін және қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкері шешім қабылданған күні төлем ұйымына ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін жібереді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**23-4-тармақтың төртінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

"Электрондық үкімет" веб-порталында ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында төлем ұйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

Ерікті түрде қайта ұйымдастыруға келісім беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабардар ете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға ерікті түрде қайта ұйымдастыруға келісім беруден бас тарту туралы алдын ала шешімді жібереді.

Алдын ала шешім өтінішті қарау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарсылық ұсынуға немесе білдіруге құқылы.

**Ескерту. 23-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**23-5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23-5. Ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде жаңартылады.

### **3-2-тарау. Ұлттық Банктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 3-2-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23-6. Ұлттық Банктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Ұлттық Банк басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Төлем ұйымының шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шағымның шығыс нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

Шағымға төлем ұйымы қол қояды.

Ұлттық Банктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Төлем ұйымының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша Ұлттық Банктің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Төлем ұйымы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Төлем ұйымының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

23-7. Төлем ұйымы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

### **4-тарау. Төлем ұйымдарының төлем қызметтерін көрсетуі**

24. Төлем ұйымы төлем қызметін көрсеткеннен кейін клиентке төлем қызметін көрсету фактісін растайтын құжатты қағаз тасымалдағышта не телекоммуникациялар желісі арқылы береді.

24-1. Электрондық ақша жүйесінің операторлары болып табылатын төлем ұйымдары Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген жағдайларда электрондық ақша иелерінің биометриялық аутентификациясы Ұлттық Банктің сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі – СДАО) арқылы жүзеге асырылады, оның жұмыс істеуі Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген.

Электрондық ақша иелерін СДАО арқылы биометриялық аутентификациялау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген) бекітілген Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**25-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Төлем ұйымы Қағидалардың 3-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген төлем қызметін көрсеткен кезде төлем қызметін көрсету фактісін растайтын құжатта мынадай деректемелер қамтылады:

- 1) құжаттың нөмірі, оның жазылған күні, айы, жылы;
- 2) төлем ұйымының атауы;
- 3) операция сомасы;
- 4) операция валютасы;
- 5) комиссиялық сыйақы сомасы;
- 6) төлемнің мақсаты;
- 7) көрсетілетін қызметті жеткізушінің атауы;
- 8) көрсетілетін төлем қызметін берушінің (төлем делдалы), оның ішінде операцияға қатысатын шетелдіктің атауы;
- 9) сауда нүктесі санатының коды (Merchant Category Code) (Қағидалардың 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген төлем қызметін көрсеткен жағдайда);
- 10) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес (Қағидалардың 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген төлем қызметі көрсетілген жағдайда) төлем ұйымы төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру үшін не осы төлемдер бойынша ақша қабылдау үшін ақпарат ұсынатын банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы не банктік идентификациялау коды.

Атауларды көрсету кезінде әртүрлі түсіндіруді тудыратын қысқартуларды, сауда белгілерін, аббревиатуралар мен кодтарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Төлем ұйымына төлем қызметін көрсету фактісін растайтын құжатқа көрсетілген төлем қызметі бойынша қосымша деректемелерді қоюына рұқсат етіледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Төлем ұйымы Қағидалардың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген төлем қызметін көрсеткен кезде, төлем қызметін көрсету фактісін растайтын құжатты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14298 тіркелген "Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларына, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарға, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 тіркелген "Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарға сәйкес төлем ұйымы береді.

27. Төлем ұйымы Қағидалардың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген төлем қызметтерін көрсету кезінде төлем агенті және (немесе) қосалқы төлем агенті арқылы:

1) төлем агенттерінің және (немесе) қосалқы төлем агенттерінің тізілімін төлем ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес жүргізуді;

2) төлем агентінің Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның талаптарының, сондай-ақ төлем агенті мен төлем ұйымы арасындағы шартта көзделген төлем қызметтерін көрсету талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген бақылау төлем ұйымы мен төлем агенті арасындағы шартқа және (немесе) төлем ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Төлем ұйымы Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген төлем қызметтерін төлем ұйымы мен төлем қызметін беруші арасындағы шартқа сәйкес көрсетеді.

Төлем ұйымы бюджетке төлемдерді қабылдау бойынша төлем қызметтерін клиенттің банктік шотын ашпай төлем ұйымы мен банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында төлем қызметін көрсету жөніндегі агенттік шартқа сәйкес көрсетеді.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

29. Төлем ұйымы төлем қызметтерін банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем агенті не қосалқы төлем агенті ретінде төлем ұйымы мен банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе төлем агенті арасында төлем қызметін көрсету бойынша агенттік шартқа сәйкес көрсетеді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Қызметті жеткізушімен жасалған шартта және төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шартта Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 13-бабының 3-тармағының төртінші бөлігінде көзделген талап бар.

31. Төлем ұйымы төлем агенті ретінде қызметін жүзеге асырған кезде төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарт жасалған банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалына не банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тартылған қосалқы төлем агенттермен жасалған шартқа сәйкес олар туралы ақпарат береді.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **5-тарау. Төлем ұйымдарының филиалдар ашу туралы хабарлауы**

32. Төлем ұйымы Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасынан тыс жерде төлем ұйымының филиалы ашылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке филиалдың ашылғаны туралы хабарламаны Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта не қаржылық автоматтандырылған ақпарат тасымалдау жүйесі арқылы электрондық түрде хабарлайды.

Филиалдың ашылғаны туралы хабарламаға:

1) төлем ұйымының басқару органының төлем ұйымының филиалын ашу және оның бірінші басшысын сайлау (тағайындау) туралы шешімінің көшірмесі;

- 2) филиал туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесі;
- 3) филиалдың бизнес-жоспары;
- 4) филиалдың бірінші басшысына берілген сенімхаттың көшірмесі.

33. Қағидалардың 32-тармағында көзделген құжаттар төлем ұйымының досьесінде қағаз тасымалдағышта және электрондық түрде сақталады.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

**6-тарау. Төлем ұйымдарының бағдарламалық-техникалық құралдарына және ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесіне қойылатын талаптар**

**Ескерту. Қағида 6-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 116 (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

34. Бағдарламалық қамтылым мыналарды:

1) жабдықтың кез келген учаскесінде кез келген уақытта электр қуаты толығымен немесе ішінара ажыратылған кезде ақпаратты сенімді сақтауды, рұқсат етілмеген қолжеткізуден қорғауды, дерекқордың тұтастығын және электрондық архивтер мен дерекқорлардағы ақпараттың толық сақталуын;

2) қолжеткізудің кемінде екі: басқарушы және пайдаланушы деңгейі көзделетін бағдарламалық қамтылымда іске асырылған кіріс деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге көп деңгейлі қолжетімділікті;

3) операцияларды жүргізу және тіркеу үшін қажетті, толтырылуы міндетті жолдардың енгізілетін деректерінің толықтығын бақылауды (функцияларды немесе операцияларды барлық жолдарды толық толтырмай орындаған кезде бағдарлама тиісті хабарлама беруді қамтамасыз етеді);

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4) сұратуды сақтай отырып, осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған өлшемшарттар мен параметрлер бойынша ақпаратты іздеуді, сондай-ақ ақпаратты кез келген параметр (осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған) бойынша сұрыптауды және егер мұндай ақпарат ақпараттық жүйеде сақталуға тиіс болса, алдыңғы күндердегі ақпаратты қарап шығу мүмкіндігін;

5) ақпаратты өңдеуді және оны күні мен уақыты бойынша сақтауды;

6) төлем ұйымдары Ұлттық Банкке ұсынатын есептердің, сондай-ақ жүргізілген операциялар туралы есептердің нысандарын автоматты түрде қалыптастыруды;

7) ішкі есепке алу жүйесінің журналдарын жүргізуді және автоматтандырылған қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламалық қамтылым журналды толығымен, сондай-ақ ішінара (көрсетілген күндер ауқымына, белгілі бір күнге) қалыптастырады;

8) есепке алу жүйелерінде сақталатын деректерді резервтеу және қалпына келтіру мүмкіндігін;

9) шығыс құжаттарды экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігін;

10) электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігін;

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**11) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11) мынадай атрибуттарды: оқиғаның басталған күні мен уақытын, оқиғаның атауын, іс-әрекетті жүргізген пайдаланушыны, жазбаның сәйкестендіргішін, оқиғаның аяқталған күні мен уақытын, оқиғаның орындалу нәтижесін сақтай отырып, ақпараттық жүйеде болып жатқан оқиғаларды тіркеуді және сәйкестендіруді;

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**12) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарының алдын ала орнатылған есептік жазбаларының парольдерін өзгертуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**35-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

35. Төлем ұйымдары ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін басқаруға арналған төлем ұйымының жалпы басқару жүйесінің бөлігі болып табылатын ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саясатын регламенттейтін ішкі құжаттарды бекітеді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ішкі құжаттарды қайта қарау тәртібі мен кезеңділігі төлем ұйымының ішкі құжаттарында айқындалады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**36-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

36. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі төлем ұйымының бизнес-процестері үшін ықтимал залалдың ең төменгі деңгейіне жол беретін төлем ұйымының ақпараттық активтерін қорғауды қамтамасыз етеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**36-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

36-1. Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйін жылына бір реттен сиретпей тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам тексеру материалдарын қоса бере отырып, есеп жасайды, ол төлем ұйымының басшысына жіберіледі.

**Ескерту. 6-тарау 36-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**37-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

37. Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиісті деңгейін, оның дамуы мен жақсаруын қамтамасыз етеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**37-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

37-1. Төлем ұйымында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жауапкершілік пен функциялардың аражігін ажырату мақсатында ақпараттандыру объектілерін құру, қызмет көрсету және дамыту мәселелерімен айналысатын басқа құрылымдық бөлімшелерден оқшауланған құрылымдық бөлімше болып табылатын ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі құрылады немесе ақпараттандыру объектілерін құру, қызмет көрсету және дамыту мәселелерімен айналысатын құрылымдық бөлімшелер штатында тұрмайтын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам айқындалады.

Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді және төлем ұйымының ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылайды.

Төлем ұйымы мыналарды өткізу арқылы ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі қызметкерлерінің немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамның біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді:

1) ішкі іс-шаралар (лекциялар, семинарлар);

2) сыртқы оқыту (курстарға, семинарларға қатысу – әрбір қызметкер үшін екі жылда бір реттен сиретпей).

Ескерту. 6-тарау 37-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

37-2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37-2. Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде жұмысқа қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жаңа қызметкер ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптармен (кіріспе нұсқау алу) қол қойып танысады. Танысу нәтижесі тиісті нұсқау алу журналында немесе нұсқау алынғанын растайтын өзге де құжатта тіркеледі.

Ескерту. 6-тарау 37-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

37-3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37-3. Төлем ұйымының қызметкерімен жасалатын еңбек шартында қызметкердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жасырын ақпаратты жария етпеу жөніндегі талаптарды сақтау міндеті қамтылады.

Ескерту. 6-тарау 37-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

38-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Төлем ұйымы ақпаратының жасырындылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында төлем ұйымы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырады, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті және қатерлерді анықтау мен талдау, шабуылдарға қарсы іс-қимыл жасау және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын тергеп-тексеру жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді және бақылайды;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді;

3) өз өкілеттіктері шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті басқару, қамтамасыз ету және бақылау әдістерін, құралдары мен тетіктерін таңдайды, енгізеді және қолданады;

4) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты жинайды, шоғырландырады, сақтайды және өңдейді;

5) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты талдайды;

6) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін автоматтандыратын бағдарламалық-техникалық құралдарды ендіруді, тиісінше жұмыс істеуін, сондай-ақ оларға қолжеткізуді қамтамасыз етеді;

7) артықшылықты есептік жазбаларды пайдалану бойынша шектеулерді айқындайды;

8) төлем ұйымы қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

9) төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады;

10) мерзімді түрде (бірақ жылына бір реттен сиретпей) төлем ұйымының басшылығына төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабарлайды;

11) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінің схемасын және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарын басқарушылар тізбесін жаңартылған күйде ұстайды;

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметріне желіаралық экрандарды орнатады;

13) пайдаланушылардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау ауқымынан Интернет желісінің ресурстарына кіру қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

14) ноутбуктер немесе өзге де құрылғылар төлем ұйымының ақпараттық активтеріне төлем ұйымының қорғау периметрінен тыс қосылған жағдайда осы құрылғыларда қорғалған қолжетімділікті ұйымдастыру үшін лицензиялық бағдарламалық қамтылым (байланыс арнасын шифрлау, екі факторлы аутентификацияны қамтамасыз ету) орнатылады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**39-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

39. Төлем ұйымы ақпараттық активтерге қатысты қолайлы деңгейдің өлшемшарттарын көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарады.

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін іске асыру кезінде осындай тәуекелдердің туындауын барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**40-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

40. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке мониторинг жүргізу барысында алынған ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпарат шоғырландырылуға, жүйелендірілуге және сақталуға тиіс.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**41-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41. Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 5 (бес) жылды құрайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**42-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

42. Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасын, оның себептері мен салдарын жоюға шұғыл шаралар қабылдау тәртібін айқындайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**43-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

43. Төлем ұйымында ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы, қабылданған шаралар және ұсынылатын түзету шаралары туралы барлық ақпаратты көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын есепке алу журналы жүргізіледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**44-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

44. Төлем ұйымы Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздіктің мынадай анықталған оқыс оқиғалары:

1) қолданбалы және жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудегі осалдықтарды пайдалану;

2) ақпараттық жүйеге рұқсатсыз кіру;

3) ақпараттық жүйеге немесе деректерді беру желісіне "қызмет көрсетуден бас тарту" шабуылы;

4) серверді зиянды бағдарламамен немесе кодпен зақымдау;

5) ақпараттық қауіпсіздікті бақылауды бұзу салдарынан ақша қаражатын санкциясыз аудару;

6) төлем ұйымы қызметінің тұрақтылығына қатер төндіретін ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпарат ұсынады.

Осы тармақта көрсетілген ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты төлем ұйымы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы картасы түрінде мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ анықталған кезден бастап 48 сағаттан кешіктірмей ұсынады.

Ақпараттық қауіпсіздіктің өңделген оқыс оқиғалары бойынша ақпарат ақпараттық қауіпсіздіктің оқиғалары мен оқыс оқиғаларын алмасу үшін Ұлттық Банктің платформасын пайдалана отырып, электрондық форматта ұсынылады.

Ақпараттық қауіпсіздіктің әрбір оқыс оқиғасына ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасының жеке картасы толтырылады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**45-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

45. Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларымен және оқыс оқиғаларымен алмасу үшін Ұлттық Банктің платформасына қосылу үшін статикалық IP-мекенжайды пайдаланады және ол туралы ақпаратты Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынады.

Статикалық IP-мекенжай өзгерген жағдайда төлем ұйымы статикалық IP-мекенжай өзгерген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкті бұл туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 6-тарау 45-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. Төлем ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылатын және пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып, төлем қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ төлем қызметтерін көрсету кезінде жасалатын төлемдерді өңдеуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 6-тарау 46-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

47. Төлем ұйымының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайы ( деректерді өңдеу орталығы) мынадай жүйелермен жабдықталады:

- 1) қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі;
- 2) күзет сигнализациясы;
- 3) өрт сигнализациясы;
- 4) автоматты өрт сөндіру жүйесі;
- 5) бейнебақылау жүйесі.

Серверлік және коммуникациялық жабдық электр қуаты жүйесіне үздіксіз қуаттандыру көздері арқылы қосылады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**47-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Төлем ұйымында серверлік үй-жай (деректерді өңдеу орталығы) болмаған жағдайда , осы тармақтың талаптары жалданатын үй-жайларға немесе төлем ұйымының ақпараттандыру объектілері орналасқан үй-жайларға қолданылады.

**Ескерту. 6-тарау 47-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. Төлем ұйымының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайына ( деректерді өңдеу орталығына) кіру рұқсаты тізбесін төлем ұйымының басшысы немесе оның орнындағы адам бекітетін адамдарға беріледі.

Төлем ұйымы серверлік үй-жайға (деректерді өңдеу орталығына) кіруді бақылау мен басқару жүйесінің журналын кемінде бір жыл жүргізуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 6-тарау 48-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

49. Төлем ұйымының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайының ( деректерді өңдеу орталығының) бейнебақылау жүйесі серверлік үй-жайға (деректерді өңдеу орталығына) барлық өту жолдарын, кіреберістерді бақылауды қамтамасыз етеді. Серверлік үй-жайда (деректерді өңдеу орталығында) бейнекамераларды орналастырғанда серверлік үй-жайдың (деректерді өңдеу орталығының) ішінде және оған кіреберісте бейнебақылаумен қамтылмаған аймақтар болмайды.

Серверлік үй-жайдың (деректерді өңдеу орталығының) бейнебақылау жүйесінде оқиғалар үздіксіз немесе қозғалыс детекторы пайдаланыла отырып жазылады.

Серверлік үй-жайдың (деректерді өңдеу орталығының) бейнебақылау жүйесіндегі жазбалар архиві кемінде үш ай сақталады.

**Ескерту. 6-тарау 49-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

**7-тарау. "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде төлем ұйымын есептік тіркеу бойынша мәліметтерді жаңарту тәртібі**

**Ескерту. Қағидалар 7-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**50-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

50. "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде төлем ұйымын есептік тіркеу бойынша мәліметтерді жаңарту мынадай жағдайларда:

- 1) төлем ұйымының атауы өзгерген кезде;
- 2) көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесіне қосымша төлем қызметі енгізілген кезде;
- 3) көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесінен жекелеген төлем қызметі алып тасталған кезде жүзеге асырылады.

51. Есептік тіркеу бойынша мәліметтерді жаңарту қажеттілігі туындаған кезде төлем ұйымы Ұлттық Банктің кеңсесі арқылы электрондық нысанда өтініш жасайды.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**52-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

52. Ұлттық Банк "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде төлем ұйымын есептік тіркеу бойынша мәліметтерге тиісті өзгерістер енгізеді.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**53-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

53. Төлем ұйымы төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталған жағдайда, Ұлттық Банк "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде есептік тіркеудің қолданысын тоқтату туралы тиісті жазба енгізеді.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Төлем ұйымдарының қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

#### **Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

(төлем ұйымының атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

төлем ұйымын есептік тіркеуден өткізуді және төлем ұйымын төлем ұйымдары тізіліміне қосуды сұрайды.

1. Төлем ұйымының орналасқан жері:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(индексі, қаласы (облысы), ауданы, көшесі, үйдің (офистің) нөмірі)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(телефоны, факсі, электрондық поштасының мекенжайы, интернет-ресурсы (бар болса))

2. Төлем ұйымын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, кім берді)

3. Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларының 3-тармағына сәйкес көрсету жоспарланып отырған көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесі:

- 1) \_\_\_\_\_
- ;
- 2) \_\_\_\_\_
- ;
- 3) \_\_\_\_\_
- 

4. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағына сәйкес ұсынылатын құжаттар тізбесі:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_

5. Төлем ұйымының атқарушы органының басшысы (мүшелері) туралы мәліметтер:

Жалпы мәліметтер:

|                                        |                                                                                                                  |
|----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) | _____<br>_____<br>(жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес, тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен жағдайда - олар |
|----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                             |                                                                                                                     |
|---------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             | қашан және қандай себеппен өзгертілгені көрсетілсін)                                                                |
| Жеке сәйкестендіру нөмірі                   |                                                                                                                     |
| Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері | (құжаттың атауы, нөмірі, сериясы (бар болса) және берілген күні, кім берді)                                         |
| Тұрғылықты жері                             | (үй, қызметтік телефондарының нөмірлерін қоса алғанда, тұрғылықты жері, сондай-ақ электрондық поштасының мекенжайы) |
| Азаматтығы                                  |                                                                                                                     |

### Жұмыс орындары мен лауазымдарының толық тізбесі

| №  | Жұмыс кезеңі (ай/жыл) | Ұйымның атауы, атқаратын лауазымы | Лауазымдық міндеттері |
|----|-----------------------|-----------------------------------|-----------------------|
| 1. |                       |                                   |                       |

### Өзге ақпарат:

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алынбаған немесе жойылмаған соттылығының болуы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Иә/жоқ<br>(егер иә болса, онда сот үкімінің деректемелері, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы көрсетілсін)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Егер қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешім қабылданғанға дейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен оны банкрот деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болып табылған жағдайда | Иә/жоқ<br>(егер иә болса, онда ұйымның атауы, лауазымы, қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімнің не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен оны банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің деректемелері көрсетіледі) |
| Өзге ақпарат (бар болса)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |

Осы мәліметтерді тексергенімді және олардың дәйекті және толық болып табылатынын растаймын.

Ақпараттық жүйелерде бар, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Төлем ұйымының бірінші басшысы

немесе қол қоюға өкілетті тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол болса)

ҚОЛЫ

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2026 № 44 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Төлем ұйымдарының қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

|    |                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы                                                                                                                                                   | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 2. | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері                                                                                                                                                  | "Электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал).                                                                                                                                        |
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі                                                                                                                                                      | Өтініш және құжаттардың толық тізбесі тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.                                                                                                                                                                                                              |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны                                                                                                                                                       | Электрондық (автоматтандырылған).                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 5. | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі                                                                                                                                                     | Төлем ұйымының "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген төлем қызметтерін ұсынуға рұқсат (құқық) беру үшін есептік тіркеуден өткені туралы хабарлама не дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің нысаны: электрондық |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері | Қызмет тегін көрсетіледі.                                                                                                                                                                                                                                                                            |


|    |                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | <p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру кестесі – дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі                                             | <p>1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.</p> <p>2) төлем ұйымының атқарушы органы басшысының (мүшесінің) дипломының (дипломдарының) көшірмелері;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес төлем ұйымының атқарушы органы басшысының (мүшесінің) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;</p> <p>4) жарғылық капиталды қалыптастыруды растайтын құжаттардың көшірмелері;</p>                                                                                                                                                                                                                                 |

|    |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                                                                                               | <p>5) төлем ұйымы қызметті үлгі жарғы бойынша жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, жарғы;</p> <p>6) төлем ұйымының көрсетілген төлем қызметтері бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыратын тиісті банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалымен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен өзара іс-әрекет жасау тәртібін айқындайтын құжат;</p> <p>7) төлем ұйымының басқару органы бекіткен төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидалары.</p> <p>Төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидаларына қойылатын міндетті талаптардың тізбесі Қағидаларда белгіленеді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 9. | <p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> | <p>1) Заңның 16-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарда көрсетілуге тиіс толық емес және (немесе) анық емес мәліметтерді ұсыну;</p> <p>2) құжаттардың толық емес тізбесін ұсыну немесе құжаттардың Заң және Қағидалар талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) егер төлем ұйымының атқарушы органының басшысы Заңның 19-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>4) егер төлем ұйымы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап бір жыл ішінде есептік тіркеуден өту туралы өтінішпен жүгінбесе.</p> <p>Есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда заңды тұлға төлем ұйымын тіркеуден бас тартуға себеп болған себептерді жойған кезде тіркеуге өтінішті қайта береді немесе атауын өзгерту немесе қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тартуға себеп болған себептердің жойылмауы қайта</p> |

